

Парламент Мәжілісінде 2015 жылға арналған бюджетті нақтылау туралы заң жобасының таныстырылымына ҚР Қаржы министрі Б.Т.Сұлтановтың баяндамасының жобасы

Құрметті төрағалық етуші!

Құрметті депутаттар!

Бүгін Сіздердің қарауларыңызға «2015 – 2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы енгізіліп отыр.

2014 жылдың іс жүзіндегі қорытындыларына сүйене отырып, есептеулерді нақтылау, макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын түзету, сондай-ақ әлемдік нарықтардағы елеулі ауытқулар және жалпы алғанда қалыптасып отырған геосаяси факторлар жағдайларында, елдің әлеуметтік-экономикалық және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету шараларын қабылдау қажеттілігі – 2015 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау үшін негіз болып табылады.

Нақтыланған бюджет жобасы – Елбасының үстіміздегі жылдың 11 ақпанында Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларына сәйкес «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасына жасалған өзгерістерді қамтиды.

Осылайша, заң жобасы екі негізгі міндетті шешуді көздейді:

- кірістердің түсу болжамының азаюы нәтижесінде өзгерген бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету;

- және қолайлы жылдары Ұлттық қорда жинақталған резервтердің есебінен «Нұрлы Жол» бағдарламасын іске асыру арқылы экономиканы қолдауды қамтамасыз ету.

Менің алдымда макроэкономикалық тұрақтылықты 2015 жылы қамтамасыз ету шаралары туралы ұлттық экономика министрі мәлімдеді, сондықтан нақтыланатын бюджеттің негізгі өлшемдеріне бірден көшуге рұқсат етіңіздер.

2015 жылға арналған **республикалық бюджет түсімдері 5 988 млрд. теңге** көлемінде немесе бекітілген бюджетпен (6 858 млрд. теңге) салыстырғанда **870 млрд. теңгеге** төмендей отырып анықталды.

Кірістердің болжамы (трансферттердің түсімін есепке алусыз) **3 219,9 млрд. теңге** көлемінде немесе бұрын бекітілген көлемнен **939,6 млрд. теңгеге** төмен, оның ішінде салықтық түсімдер бойынша **959,6 млрд. теңгеге** төмендеу есебінен бағаланады.

Бюджет кірістерінің өзгеруінің факторлық талдауы таратылған материалдарда ұсынылған.

Анықтама ретінде:**Азайту келесілер есебінен:****964,6****млрд.теңгеге**

- ел экономикасы даму қарқынының төмендеуі (*ЖІӨ -94,5%, мұнай секторының ЖҚҚ – 99,6%, экспорттың – 60,5%, импорттың – 75,3% өсу қарқыны*) 499,4 млрд.теңге
- ЭКБ мөлшерлемесінің тоннасына 80-нен 60 АҚШ долларына дейін өзгеруі, мұнай экспорты көлемінің 53,2 млн. тоннадан 49,5 млн. тоннаға дейін төмендеуі 259,9 млрд.теңге
- бюджеттен ҚҚС қайтару сомасының ұлғаюы 91,1 млрд.теңге
- салық заңдылығының өзгеруі (*провизияны қалыптастыру бөлігінде – 14 млрд.теңге, КПО Б.В. Бойынша ҚР үлесінің өзгеруі – 30 млрд.теңге*) 44,0 млрд.теңге
- 2015 жылы төленуге жататын 2014 жылғы аванстық төлемдердің түсімдері 67,1 млрд.теңге
- басқа да факторлар (*2014 жылдың іс жүзіндегі түсімдері бойынша есептеулерді нақтылау*) 3,1 млрд.теңге
- Акциялардың мемлекеттік пакетіне дивиденттер бойынша ұлғаю 25,0 млрд. теңге**

Салықтық түсімдер 3 064,8 млрд. теңгені құрайды.

Корпоративтік табыс салығы бойынша жоспар **146,1 млрд. теңгеге** азайтыла отырып нақтыланды. Бұл негізінен мыналардың есебінен қалыптасып отыр:

- негізінен металдар мен пайдалы қатты қазбаларға әлемдік баға бойынша болжамның нашарлауы есебінен мұнай емес сектордың жалпы қосылған құнының өсу қарқынының төмендеуінен сомасы **102,1 млрд. теңгеге;**

- Пайдалы өнімдер бөлімінде ҚР-ң үлесін ұлғайтудың нәтижесінде мердігерлік компаниялар Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.-ң кірістерінің төмендеуінен сомасы **30,0 млрд. теңгеге;**

- несиелерді беру кезінде қатысатын банктер провизиясы сомасына салық салудан босату салдарынан салық заңнамасына өзгерістер енгізуден сомасы **14,0 млрд. теңгеге.**

Қосылған құн салығы бойынша түсімдердің жоспарға қарағанда **372,3 млрд. теңгеге** төмендеуі болжанып отыр, оның ішінде:

- **192,9 млрд. теңгеге** ішкі қосылған құн салығы бойынша ЖІӨ-ң өсу қарқынының төмендеуі және бюджеттен қосылған құн салығын қайтару сомасының 91,1 млрд. теңгеге ұлғаюы есебінен;

- **179,4 млрд. теңгеге** Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығы бойынша бекітілген бюджетке есептеулерде қабылданған көлемге қарағанда, импорт көлемінің 24,7%-ке төмендеуіне байланысты.

Мұнайға экспорттық кедендік баж мөлшерлемесінің тоннасына 80 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін өзгеруі және ішкі нарыққа жеткізілу көлемінің

ұлғаюына байланысты мұнай экспортының қысқаруы нәтижесінде шикі мұнайға экспорттық кедендік баж бойынша түсімдер **295,8 млрд.теңгеге** төмендейді.

Салықтық еместүсімдер бойынша жоспар «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтер бойынша түсімдердің 25 млрд. теңгеге ұлғаюын есепке ала отырып, **20 млрд. теңгеге** ұлғаю жағына нақтыланды.

Ұлттық қордан кепілдік берілген трансферт мөлшері **1 702 млрд. теңге** бекітілген деңгейінде сақталады.

Ұлттық қордан нысаналы трансферт Нұрлы Жол бағдарламасын түзетуге байланысты **76,0 млрд. теңгеге** ұлғайтылды және **783,5 млрд. теңгені** құрайды. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша өзгерістерге, нақтыланған бюджет шығыстарын қарау кезінде неғұрлым толығырақ тоқталып өтермін.

Республикалық бюджет шығыстары – шығыстарды **686,7 млрд. теңгеге** оңтайландырудың және «Нұрлы Жол» бағдарламасының жаңа бағыттарына **76,0 млрд. теңгеге** ұлғайтудың нәтижесінде, бекітілген бюджетпен салыстырғанда **610,7 млрд. теңгеге** төмендей отырып, **7 244,5 млрд. теңге** сомасында қалыптасты.

Оңтайландырудың негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- 2015 жылы іске асырылуы басталатын барлық жаңа жобалар мен бағдарламалар, оның ішінде іске асыру мерзімі 2016 жылға көшірілген әлеуметтік салада жаңа бастамалар;

- шығындылығы жоғары, басталған және іске асырылуы ұзақ жалғасатын жобалар, сондай-ақ, іске асырудың негізгі жүктемесін 2016 жылға ауыстыруға ұсынылған жобалар;

- тиімділігі төмен немесе расталмаған тиімділігі анықталған шығыстардың бағыттары мен бағдарламалары;

- әкімшілік, іссапар және өкілдік, күрделі шығыстар, талдамалы және консалтингтік зерттеулерді жүргізуге арналған шығыстар, ақпараттандыру саласындағы жекелеген шығыстар және өзге де ағымдағы шығыстар болып табылады.

Енді бюджеттің шығыс бөлігіндегі өзгерістерге неғұрлым толығырақ тоқталуға рұқсат етіңіздер.

Бірінші. Әлеуметтік саладағы өзгерістер

Әлеуметтік саланың төрт бағыты бойынша шығыстар (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, туризм) жалпы алғанда **221,6 млрд. теңгеге** оңтайландырылғанмен, олардың үлесі барлық шығыстардың **39,2 пайызын** құрап, тұрақты болып қала береді, яғни бекітілген бюджет деңгейінде (**0,2% өсіммен**).

Бюджетті нақтылау шеңберінде сомасы **138,2 млрд. теңгеге** әлеуметтік саладағы шығыстардың жекелеген бағыттары бойынша іс-шаралар мен іске асыру тетіктері қайта қарастырылды, атап айтқанда:

1. Елбасының тапсырмасына сәйкес «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы өзектендіріліп және жетілдендіре отырып одан әрі іске асырылады, оған **37,3 млрд. теңге** бағытталады. Осы қаражат мынадай іс-шараларға қаралып отыр.

- **13,8млрд. теңге** немесе 36,9% тұрғын-коммуналды шаруашылықты, инженерлік-транспорттық инфрақұрылымды, әлеуметтік-мәдени объектілерді күрделі жөндеуге және қалпына келтіруге, сонымен қатар дәрігерлік амбулаторияларды салуға;

- **10,3млрд. теңге** немесе 27,6% ауылдық жерлерде кәсіпкерлік бастамашылықтарға көмек көрсетуге;

- **8,9млрд. теңге** немесе 23,9% жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде көшу және оқыту арқылы жұмысқа орналасуға көмек көрсетуге;

- **4,3млрд. теңге** немесе 11,6% Бағдарламаны ақпараттық сүйемелдеуге және Жұмыспен қамту орталықтардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталады.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде қабылданған шаралар – халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыздар, жағдайы төмен санатынан шамамен 21 мың адамды қатыстыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар ауылдық жерлерде кәсіпкерлік бастамалардың дамуына және еңбек ресурстарының мобильділігін жоғарлатуға септігін тигіздіреді

2. Жергілікті бюджеттерге жүктемені азайту мақсатында, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту шараларын қаржыландыру көзі кеңейтілді.

Осыған байланысты, бюджеттің – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған **12,7 млрд. теңге** сомасындағы шығыстары «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша Ұлттық қордан нысаналы трансферт есебінен жүзеге асырылатын болады.

3. 2015 жылдан бастап 10-11 сыныптарда ғана жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу бойынша шешімдер қабылдауға байланысты, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынама лауға арналған шығыстар **12,3 млрд. теңгеге** азайтылды. Бұл ретте, жергілікті атқарушы органдарға **7,3 млрд. теңге** сомасындағы қаражат қайтарылды, осы қаражат, алдағы уақытта, бұған дейін алынып келгендей өңірлердің базасынан кері трансферт түрінде алынбайтын болады.

4. Сонымен қатар, шығыстар мынадай бағыттар бойынша оңтайландырылды:

- ғылыми-қолданбалы, талдамалы зерттеулер жүргізу – **9,5 млрд. теңге**;

- «Назарбаев Университет және Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарына нысаналы салым – **11,7 млрд. теңге**, оның ішінде «Кәсіпқор» Холдингі бойынша - **4,7 млрд. теңге**;

- республикалық және жергілікті медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыру – **10,2 млрд. теңге**;

- жаңа білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін салу, сонымен қатар республикалық білім беру және денсаулық сақтау нысандарын күрделі жөндеу – **26,9 млрд. теңге**;

Бұл ретте, «Нұрлы Жол» бағдарламасы шеңберінде білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға, бірінші кезекте апатты жағдайдағы және үш ауысымды оқыту мекемелерінің мәселелерін шешуге – **17,3 млрд. теңге** сомасында нысаналы трансферт бөлінеді.

- электрондық оқытуды енгізу, мамандар даярлау, біліктілікті арттыру және басқалары – **10,1 млрд. теңге**.

Әлеуметтік саладағы шығыстардың елеулі өзгерістеріне қарамастан, жалақының, зейнетақының, жәрдемақының және тағы басқа төлемдердің деңгейі бекітілген көлемде сақталады.

Сондай-ақ идеялық-саяси ұлтаралық келісім мен бірлікті, ішкі саяси тұрақтылықты және діни толеранттылықты қамтамасыз ету мақсатында бюджетте көзделген қаражат шеңберінде Қазақстан халқы Ассамблеясының және Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы және Ұлы отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы сияқты елеулі іс-шараларды өткізу қамтамасыз етілетін болады.

Екінші. Жаңа әлеуметтік бастамаларды іске асыруды бастауды кейінге қалдыру.

Елде қалыптасып отырған экономикалық жағдайларды ескере отырып, ағымдағы жылдың әлеуметтік саладағы шығыстары жалпы сомасы **189,9 млрд. теңге** болатын жаңа бастамаларын іске асыруды 2015 жылғы 1 шілдеден 2016 жылғы 1 қаңтарға ауыстыру ұсынылды, өзгелерлің ішінде:

- *азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа моделін енгізу* – **156,3 млрд. теңге**;

- *«Б» корпусының мемлекеттік қызметшілеріне еңбекақы төлеу деңгейін көтеру* – **11,1 млрд. теңге**.

Үшінші. Нақты сектордағы өзгерістер.

Жаңа бюджеттік инвестициялық жобаларды, сондай-ақ іске асыру жалғасып отырған шығыны қомақты және іске асыру бойынша жалғасымды жобаларды іске асыруды кейінге қалдыру нәтижесінде, шығыстар сомасы **255,5 млрд. теңге**ге оңтайландырылды:

2030 жылға дейін Қазақстан Республикасының көлік жүйесі инфрақұрылымын дамыту және интеграциялау мемлекеттік бағдарламасы бекітілген **499,3 млрд. теңгенің** жалпы сомасы **34,0 млрд. теңге**ге (немесе 6,8%), оның ішінде:

- метрополитеннің бірінші жолағының екінші кезектегі құрылысы – **6,4 млрд. теңге**;

- «Бейнеу - Ақтау» автомобиль жолын реконструкциялау – **10,7 млрд. теңге**;

- «Астана – Қарағанды – Балқаш – Қапшағай - Алматы» Орталық-Оңтүстік дәлізі мен «Щучье - Зереді» республикалық маңызы бар автомобиль жолының жобалық-ізвестіру жұмыстары және реконструкциялау – **12,8 млрд. теңге**.

Одан басқа, бағдарламадан тыс Астана қаласының Жаңа көлік жүйесіне көзделген **35,7 млрд. теңге** сомасындағы шығыстар оңтайландырылатын болады.

«Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлер үшін инженерлік инфрақұрылым өткізуге көзделген **10,0 млрд. теңге** сомасындағы шығыстар бойынша «Нұрлы жол» бағдарламасын түзету шеңберінде қаржыландыру көзі өзгертілді.

Кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдаудың басқа құралдары барынша кәсіпкерлік әлеуетін сауықтыруға және күшейтуге, өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталатын болады.

Индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – ИИДМБ) бойынша көзделген **130,7 млрд. теңгеден 3,3 млрд. теңге (2,5%)** сомасында арнайы экономикалық аймақтар мен индустриалдық аймақтар инфрақұрылымына, техникалық реттеуге және метрологияға шығыстарды оңтайландыру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, «Нұрлы жол» бағдарламасының жаңа бағыттары шеңберінде сомасы **5,0 млрд. теңгеге** сынау зерханаларын қаржыландыру, құру, кеңейту жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік бағдарламаның қалған бағыттары өзгеріссіз қалдырылады және өңдеу өнеркәсібін әртараптандыруды ынталандыруға бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталатын болады.

«Агробизнес-2020» бағдарламасы бойынша агроөнеркәсіп кешені саласындағы жаңа ғылыми зерттеулер бойынша көзделген **69,9 млрд. теңгеніңшамамен 3 млрд. теңгесі (немесе 4,2%)** сомасындағы шығыстар оңтайландырылды.

Өз кезегінде, «Нұрлы жол» бағдарламасының жаңа бағыты шеңберінде ауыл шаруашылығын қолдауға шығыстар сомасы **20,0 млрд. теңгеге** агроөнеркәсіп кешенін субсидиялауға ұлғайтылады. Ол мынадай бағыттар бойынша іске асырылады:

мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы бойынша – **11,5 млрд. теңге**;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді сауықтыру бағыты шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша проценттік ставкаға – **5,0 млрд. теңге**;

кредиттер (лизинг) бойынша ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтар сатып алуға – **3,5 млрд. теңге**.

Осы бағдарлама шеңберінде де сомасы **500 млн. теңгеге** (жалпы сомасы 5,0 млрд. теңгеден, бұған дейін жоғарыда айтып кеткендей) сынау зерханаларын қаржыландыру, құру, кеңейту жүзеге асырылатын болады.

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде мынадай бағыттар бойынша көзделген **368,3 млрд. теңгешығыстардан** сомасы **83,3 млрд. теңге** (22,6%) оңтайландырылады, оның ішінде мынадай салалық бағыттар бойынша:

- «Ақ бұлақ» - **28,9 млрд. теңгеге**;
- «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» - **36,5 млрд. теңгеге**;
- «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту» - **7,3 млрд. теңгеге**;
- «Өңірлерді дамыту» - **4,2 млрд. теңгеге**;
- «Моноқалаларды дамыту» - **6,4 млрд. теңгеге** азайтылды.

Бұл ретте, шығыстарды оңтайландыру көбінесе тұрғын-үй секторы құрылысын дамыту бойынша екпінді «Нұрлы Жол» бағдарламасына ауыстырумен байланысты болып отыр. Бағдарлама шеңберінде несиелер түрінде қомақты сома бөлінеді:

- **30,0 млрд. теңге** Ұлттық қордан нысаналы трансферт есебінен бұдан бұрын басталған тұрғын үй құрылысы жобаларын аяқтауға;

- **92,5 млрд. теңге** Ұлттық қордан облигациялық қарыздар есебінен жаңа жобаларды бастауға.

Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы арқылы іс-шараларды іске асыруға арналған шығыстар сомасы **22,3 млрд. теңгеге** азайтылатын болады, атап айтқанда:

- «Жезқазған-Бейнеу» темір жол желісін салу - **18,3 млрд. теңгеге**;
- жолаушылар вагондарын сатып алуға Нұрлы Жол бағдарламасы бойынша Ұлттық қордан алынатын облигациялық қарыз шеңберінде қаржыландыру көзі мен сомасын (5 млрд. теңге) өзгерте отырып, **4,0 млрд. теңгеге**.

Оңтайландыруға, сонымен қатар, Астана қаласында халықаралық арнайы ЭКСПО-2017 көрмесін ұйымдастыруға және өткізуге арналған **10,0 млрд. теңге** сомасындағы шығыстар жатады, оның ішінде көрме кешенін салуға – **6,9 млрд. теңге**.

Осылайша, бюджет шығыстарын төмендету қажеттігі жағдайларында 2015-2106 жылдары **экономиканы қолдау мен контрциклды бюджет саясатын жүргізудің негізгі құралы – «Нұрлы Жол–Болашаққа бастар жол»** атты Қазақстанның Жаңа Экономикалық Саясаты болады.

Сонымен қатар, Елбасымен үстіміздегі жылдың 11 ақпанында Үкіметтің кеңейтілген отырысында берілген тапсырмаларды ескере отырып, «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы қайта қаралып және 2015 жылы сомасы **76,0 млрд. теңгеге** жаңа дағдарысқа қарсы іс-шаралармен толықтыра отырып түзету ұсынылды.

Сонымен қатар, бұрын әлеуметтік инфрақұрылым құрылысына қаралған **30,0 млрд. теңге** мектепке дейінгі балалар ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға сомасы **12,7 млрд. теңгеге** қайта бөлінетін болады.

«Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасының жалпы шығыстары және бағыттары туралы толық ақпарат бағдарламаны түзетуді ескере отырып, таратылып берілген материалдарда ұсынылған.

Сонымен қатар, экономикадағы жағдайдың әрі қарай нашарлау ықтималдығын ескере отырып, бұрын экономиканы ынталандыру бағытталған Ұлттық қордан 1 трлн. теңгенің аясында 2-транштан Проблемалы кредиттер қорын капиталдандыруға жоспарланған сомасы **250 млрд. теңге** қаражатты Үкімет Резервіне қайта бағыттау ұсынылып отыр.

Бұл қаражат келеңсіз жағдайлар және әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздықты сақтау бойынша шұғыл іс-шаралар қабылдау қажеттілігі туындаған кезде маневрді қамтамасыз етеді.

Төртінші. Мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін қамтамасыз етумен байланысты шығыстарды қысқарту.

Бұл бағыт әкімшілік, күрделі, өкілдік және іссапар шығыстарын, ақпараттандыру саласындағы іс-шаралар мен басқа да шығыстарды қамтиды, олар жалпы **103,0 млрд. теңгеге**, оның ішінде материалдық-техникалық жарақтандыру мен күрделі жөндеуге арналған шығыстар бойынша **53,4 млрд. теңгеге** оңтайландырылды.

Анықтама ретінде:

Ішкі істер министрлігі – 40,3 млрд. теңге;

Қаржы министрлігі – 3,5 млрд. теңге;

Әділет министрлігі – 1,5 млрд. теңге;

Білім және ғылым министрлігі – 2,3 млрд. теңге;

Мәдениет және спорт министрлігі – 1 млрд. теңге.

Орташа алғанда республикалық бюджет шығыстарын оңтайландыру жалпы көлемнің **9%** құрады.

Ағымдағы шығыстар **391,2 млрд. теңгеге**, даму бюджеті **295,5 млрд. теңгеге** азайтылды.

Азайтудың жалпы көлемінде нысаналы трансферттер **374,4 млрд. теңгеге**, оның ішінде ағымдағы трансферттер **186,0 млрд. теңге**, оның ішінде 139,0 млрд. теңге жаңа бастамалардың іске асыру мерзімін 2016 жылға ауыстыруға байланысты, даму трансферттері **188,4 млрд. теңгеге** оңтайландырылды.

Жыл қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы органдардың шоттарындағы **109 млрд. теңге** сомасында (бұдан 43 млрд. теңгесі Алматы қаласы бойынша) қалған айтарлықтай қалдықты есепке ала отырып, жыл сайынғы кірістерді тұрақты түрде

асыра орындау нәтижесінде өңірлер 2014 жылғы секвестрлеу нәтижесінде шығыстары қысқартылған жобалар бойынша кредиторлық берешектердің жабылуын барынша қамтамасыз етулері қажет.

Сондай-ақ, заң жобасына мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде жергілікті атқарушы органдарға өкілеттіктерді берумен байланысты өзгерістер енгізілген, олар бойынша өңірлермен пысықтау жұмыстары бүгінгі күнге дейін жүргізілді

Анықтама ретінде: мемлекеттік сәулет-құрылысты бақылау, жерлерді пайдалану мен қорғауды бақылау, қауіпті техникалық қондырғылардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылау, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, АХАЖ бөлімдері.

Астана қаласына берілетін нысаналы даму трансферттері **122,7 млрд. теңгеге** азайтыла отырып, **21,4 млрд. теңгені** құрайды, бұл негізінен Астана қаласының Жаңа көлік жүйесі жобасы бойынша жекелеген іс-шараларды іске асыру мерзімін көшіру есебінен болды, бұл туралы бұрын да айтылған еді. Жүргізіліп жатқан Экспо-2017-ге дайындықты ескере отырып, заң жобасында қала әкімдігінің 2015 жылға белгілеген басымдықтарына сүйене отырып, жобалар бойынша қаражатты қайта бөлу жөніндегі ұсыныстар ескерілетін болады.

Алматы қаласы бойынша жаңа жобалардың, сондай-ақ капиталды көп қажет ететін және іске асыру мерзімдері ұзақ жобалардың іске асырылуын тоқтата тұру жөнінде қабылданған қағидаттарға сәйкес, берілетін нысаналы даму трансферттері **67,3 млрд. теңгеге** азайтыла отырып, **31,6 млрд. теңгені** құрайды.

Бюджеттің шығыс бөлігі бойынша негізгі өзгерістер осындай. Мемлекеттің бұдан бұрын алған әлеуметтік міндеттемелерінің барлығын орындау мақсатында бюджет тапшылығының мөлшері де **259,4 млрд. теңгеге** ұлғайтылды, **1 256,5 млрд. теңгені** немесе ЖІӨ-ге 3% құрайды.

Тапшылықтың бұл деңгейі контрциклды бюджет саясатын жүргізу жағдайында барынша төмен болып табылады және еліміздің экономикалық қауіпсіздігіне кері әсер етпейді.

Құрметті депутаттар!

Ағымдағы жылғы экономика және бюджет саласындағы тұрақтылық – Заң жобасының уақтылы қабылдануына байланысты екенін ескере отырып, нақтыланған бюджет жобасын Парламент қабырғасында талқылауға өте қысқа мерзім белгіленіп отыр.

Сіздерді толық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін шығыстардың, мемлекеттік және салалық бағдарламалардың барлық негізгі бағыттарын нақтылау бойынша деректер таныстыру материалдарында ұсынылып отыр.

Жұмыс тобы мен комитеттердің отырыстарында бізбюджетті нақтылау бойынша Сіздердіңқалауларыңыз бойынша ақпаратты қосымша береміз және барлық сұрақтарыңызға жауап беруге тырысамыз.

Сіздердің тарапыңыздан сындарлы диалог пен қолдау болады деген үміттеміз.

Назарларыңыз үшін рахмет!